# Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің және басқа да мемлекеттердің әскери-оқу орындарына Қазақстан Республикасының азаматтарын қабылдау Ережелерін күшіне енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2000 жылғы 24 ақпандағы N 37 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 24 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1171. Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 160 (V053642) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және басқа да мемлекеттердің әскери-оқу орындарын тыңдаушылар және курсанттарды жинақтауды ұйымдасқан және сапалы түрде қамтамасыз ету мақсатында **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н** :

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және басқа да мемлекеттердің әскери-оқу орындарына Қазақстан Республикасының азаматтарын қабылдау Ережелері (осы Бұйрықтың N 1 қосымшасы) күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Қарулы Күштер Бас штабы департаменттерінің, бас басқармалары мен басқармаларының бастықтары, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлерінің қолбасшылары, бірлестіктер, құрамалар мен әскери бөлімдер командирлері, Қазақстан Республикасы әскери-оқу орындарының, мекемелерінің, кәсіпорындарының және ұйымдарының бастықтары, әскери комиссарлар:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және басқа да мемлекеттердің әскери-оқу орындарына түскісі келетін әскери қызметшілер мен азамат жастарға Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және басқа да мемлекеттердің әскери-оқу орындарына Қазақстан Республикасының азаматтарын қабылдау Ережелерін жеткізуді ұйымдастырсын;

2) әскери-оқу орындарына түсу үшін үміткерлердің моральдық қасиеттері мен қоғамдық-саяси белсенділігін, олардың денсаулық жағдайын, әскери-кәсіптік бағдары мен жеке бастарының психологиялық қабілеттерін, дене және жалпы білімдік даярлық деңгейін жан-жақты зерделесін;

3) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және басқа да мемлекеттердің әскери-оқу орындарына үміткерлерді іріктеу мен қабылдау кезінде ашық дауыстық пен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етсін;

4) әскери қызметшілерді оқуға түсуге даярлау бойынша оқу жиындарының ұйымдастырылуы мен сапасына ерекше назар аударсын.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаментінің бастықтары, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің қолбасшылары әскери қызметшілер мен азамат жастарды объективті конкурстық іріктеу негізінде әскери-оқу орындарына қабылдау комиссиялары жұмысының біліктілік деңгейін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Әуе қорғанысы күштерінің қолбасшысы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Медициналық қамтамасыз ету департаментінің бастығымен бірлесіп алдын ала кәсіптік іріктеуді өткізу кезінде облыстық әскери комиссариаттарға жоғары әскери авиациялық училищелеріне және ұшқыштар мен штурмандар институттарына түскісі келетін үміткерлерді жан-жақты зерттеу үшін мамандарды жіберсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығына жүктелсін.

6. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1993 жылғы N 22 бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

7. Бұйрық жеке әскери бөлімге жеткізілсін.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс Министрі

генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс Министрінің
2000 жылғы N 37
бұйрығына N 1 қосымша

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және басқа мемлекеттердің әскери-оқу орындарына қабылдау Ережелері**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және басқа мемлекеттердің әскери-оқу орындарына қабылдау Ережелері (әрі - қарай Ережелер) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және басқа мемлекеттердің әскери-оқу орындарына (келесі баптарда Қазақстан Республикасы және басқа мемлекеттердің әскери-оқу орындары әскери-оқу

орындар немесе ӘОО деп аталады) даярлау және қабылдау жүргізу тәртіптері мен әскери-оқу орындарында экстернмен емтихан тапсыру тәртіптерін анықтайды.

2. Әскери оқу орындарына әскери қызметшілер мен азамат жастар қатарынан үміткерлерді іріктеуді ұйымдастыру мен жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі және Бас штабы департаменттерінің, Бас басқармалары мен басқармаларының бастықтарына, Қарулы Күштер түрлерінің қолбасшыларына жүктеледі.

3. Әскери оқу орындарының тыңдаушылар және курсанттармен уақытында және сапалы жасақталуына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығы мен оқуға қабылданатын үміткерлерді кәсіптік іріктеу бойынша жұмыстарды міндетті түрде атқаратын әскери-оқу орындарының бастықтары жауап береді.

## 2. ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ

4. Әскери-оқу орындарына әскери-оқу орындарында оқығысы келетін және кәсіптік іріктеудің барлық талаптарына сай Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет өтеуші офицерлер, прапорщиктер мен мичмандар, мерзімді қызметтегі және келісім шарт жасасқан әскери қызметшілер, азамат жастар, запасқа шығарылған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарындағы әскери міндеттілер, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусы мен Республикалық "Жас ұлан" мектебінің және республикалық әскери мектеп-интернаттардың түлектері қабылданады.

5. Жоғары әскери білімді офицер кадрларын дайындайтын әскери-оқу орындарына әскери-есеп мамандығының бейіні бойынша туыстас жоғары әскери-кәсіптік немесе жоғары азаматтық білімі бар, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде әскери қызмет өтеуші және сол әскери-оқу орындарына тиісті Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде әскери қызмет өтеуші офицерлер қабылданады.

Жоғары әскери-кәсіптік білімді офицер кадрларын дайындайтын әскери-оқу орындарына орта азаматтық білімі бар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет өтеуші офицерлер, прапорщиктер мен мичмандар, мерзімді қызметтегі және келісім шарт жасасқан әскери қызметшілер, азамат жастар, запасқа шығарылған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарындағы әскери міндеттілер, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусы мен Республикалық "Жас ұлан" мектебінің және республикалық әскери мектеп-интернаттардың түлектері қабылданады.

6. Аяқталған жоғары әскери, жоғары әскери-кәсіптік немесе жоғары азаматтық білімдері бар әскери қызметшілер әскери-оқу орындарына өзінің немесе басқа мамандық бойынша сол дәрежеде білім алу үшін оқуға

қабылданбайды.

7. Әскери университеттердің (академиялардың) командалық факультеттеріне офицерлік қызметтерде, әсіресе негізгі командалық-штабтық қызметтерде 5 жылдан кем емес қызмет еткен:

1) батальон, дивизион, эскадрилья командирлері, үшінші рангтағы корабльдер дивизиондарының командирлері мен қызметі олармен тең және жоғары, жасы 38-ден аспаған (оқуға түсуші тұлғалардың осы Ереженің осы және келесі баптарында көрсетілген қызмет мерзімдерімен жастары әскери-оқу орындарына түсетін жылындағы жағдайы бойынша анықталады).

2) батальон, дивизион, эскадрилья, эскадрилья штурмандары, үшінші рангтағы корабльдер командирлерінің орынбасарлары (штаб бастықтары) мен қызметі олармен тең жасы 32-ден аспаған;

3) рота, батарея, звено (отряд) командирлері (штурмандары) мен қызметі олармен тең, көрсетілген қызметтерде 3 жылдан кем емес қызмет еткен, жасы 28-ден аспаған офицерлер қабылданады.

8. Әскери академияларға (университеттерге) командалық-штабтық, штурмандық авиациялық және тәрбиелік бейін мамандықтары бойынша оқуға түсуші ұшқыштық құрам офицерлерінің екінші сыныптан төмен емес әскери ұшқыш (штурман) біліктілігі болуы қажет.

9. Жоғары әскери білімді офицерлерді дайындайтын әскери академиялардың ( университеттердің) инженерлік факультеттеріне төмендегі қызметтердегі:

1) техникалық бөлім, қарулану (инженерлік-авиациялық қызметі) ракеталық қарулану жөніндегі полк командирлерінің орынбасарлары, Әскери-теңіз базаларының флагмандық мамандары мен қызметі олармен тең және жоғары, жасы 38-ден аспаған;

2) техникалық бөлім, қарулану (инженерлік-авияциялық қызметі), ракеталық қарулану жөніндегі батальон, дивизион, эскадрилья командирлерінің орынбасарлары, қызмет бастықтары, авиациялық полктердегі техникалық-пайдалану бөлімдерінің бастықтары, әскери бөлімдерді қаруландыру қызметтерінің аға инженерлері, "3 ранг капитаны" штаттық санаты бар 2 ранг корабльдеріндегі жауынгерлік бөлімдердің командирлері (қызмет бастықтары) мен қызметі олармен тең, жасы 35-ден аспаған;

3) техникалық және жөндеу роталарының (батареялардың) командирлері мен қызметі олармен тең, көрсетілген қызметтерде 3 жылдан кем емес қызмет еткен, жастары 35-тен аспаған офицерлер қабылданады.

10. Әскери академиялар (университеттер) инженерлік факультеттерінің әскери инженер-зерттеушілер дайындау топтарына инженерлік бейін қызметтеріндегі жоғары әскери-арнайы немесе жоғары азаматтық білімі бар, ғылыми-зерттеу жұмыстарына ыңғай танытқан, аталған офицерлік қызметтерде 3

жылдан кем емес қызмет еткен, жасы 28-ден аспаған офицерлер қабылданады.

11. Әскери академиялар (университеттер) инженерлік факультеттерінің математик-офицерлерді дайындау топтарына мемлекеттік университеттердің математикалық факультеттерін (бөлімдерін) бітірген, жасы 28-ден аспаған офицерлер, сондай-ақ сәйкес мамандықтар бойынша жоғары әскери инженерлік және командалық-инженерлік оқу орындарын бітірген, офицерлік қызметтерде 2 жылдан кем емес қызмет еткен, жасы 27-ден аспаған офицерлер қабылданады.

12. Жоғары әскери-оқу орындарына, әскери институттарға және әскери факультеттерге:

1) жасы 21-ден аспаған азамат жастар, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусы мен Республикалық "Жас ұлан" мектебінің, республикалық әскери мектеп-интернаттардың түлектері;

2) әскери мамандығына және қызмет мерзіміне қарамастан мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен запасқа шығарылған мерзімді қызметтегі жасы 23-тен аспаған әскери қызметшілер;

3) жасы 25-тен аспаған, прапорщик, мичман немесе офицер қызметтерінде 2 жылдан кем емес уақыт қызмет еткен прапорщиктер мен мичмандар және келісім-шарт жасасқан әскери қызметшілер қабылданады.

13. Әскери оқу орындарының сырттай оқытатын факультеттеріне (бөлімдеріне) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде әскери қызмет өтеуші, жасы аға офицерлер үшін 40-тан аспаған, кіші офицерлер үшін 35-тен аспаған, ӘОО-ның күндізгі факультеттеріне (бөлімдеріне) түсушілерге арналған осы Ереже арқылы анықталған қызметтердегі, білім дәрежесіне және офицерлік қызметтердегі қызмет мерзіміне сай келетін, таңдалған факультет (бөлім) бейіндері мен мамандықтары бойынша қызмет ететін офицерлер, соның ішінде офицер әйелдер де қабылданады.

14. Әскери оқу орындарына түсуге бұдан бұрын талпынған, бірақ кәсіптік іріктеу мен қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша оқуға қабылданбаған әскери қызметшілер ӘОО-на келесі қабылдау кезінде үміткерлер ретінде қабылдануы мүмкін, бірақ 3 реттен артық есепке алынбайды.

15. Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің, Қазақстан Республикасы Республикалық гвардиясының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен басқа министрліктер және ведомстволардың офицерлері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-оқу орындарына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен жасалатын келісім-шарт (келісім) негізінде қабылданады.

16. Қабылданатын офицер қызметтерінің тізбесі әскери-оқу орындары үшін бекітілген талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік

Комитеті және Қазақстан Республикасы Республикалық гвардиясымен, Ішкі істер министрлігі мен басқа министрліктер және ведомстволармен анықталады.

## 3. ҮМІТКЕРЛЕРДІ КӘСІПТІК ІРІКТЕУ

### 1) Кәсіптік іріктеуді жоспарлау

17. Әскери-оқу орындарын офицерлер қатарының тыңдаушыларымен жасақтау жоспарларын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Бас штабы департаменттерінің, бас басқармаларының, басқармалары мен қызметтерінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектерінің ұсыныстарын және әскери-оқу орнының мүмкіндіктерін ескере отырып, жыл сайын оқуға қабылдау жылының 1-ақпанына дейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаменті жасайды.

18. Әскери-оқу орындарын мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер және азамат жастар қатарының курсанттарымен жасақтау жоспарын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Бас штаб департаменттерінің, бас басқармалары мен басқармаларының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектерінің ұсыныстарын (тапсырыстарын) ескере отырып, жыл сайын оқуға қабылдау жылының 1-ақпанына дейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаменті жасайды.

Әскери-оқу орындарын офицерлер қатарының тыңдаушыларымен, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер және азамат жастар қатарының тыңдаушылары және курсанттарымен жасақтау жоспарын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітеді.

19. Әскери-оқу орындарында оқуға үміткерлерді іріктеу ӘОО-н тыңдаушылар және курсанттармен жасақтау жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Әскери оқу орындарын тыңдаушылар және курсанттармен жасақтау жоспарларын өңдеуде оқуға іріктелетін үміткерлердің саны:

1) офицерлер - Қарулы Күштердің құрамаларында, бірлестіктерінде, түрлерінде, әскер тектерінде (осы Ережелердің мына және бұдан кейінгі баптарында қысқалық үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері деп аталады) алдын ала кәсіптік іріктеуді жүргізу үшін 1 оқу орнына 3 үміткер;

2) ұшқыштар мен штурмандарды даярлайтын жоғары әскери авиациялық институттар үшін 1 оқу орнына 3 үміткер, сондай-ақ әуе-десант бейінінің мамандықтарына және басқа ӘОО үшін 1 оқу орнына 2 үміткер;

3) азамат жастар - әскери академиялар (университеттер) және ұшқыштар мен штурмандарды даярлайтын жоғары әскери авиациялық оқу орындарының ұшқыштық-көтерілу мамандықтары, сондай-ақ әуе-десант бейінінің мамандықтарына үшін 1 оқу орнына 5 үміткер; басқа ӘОО үшін 1 оқу орнына 3 үміткер және әскери авиациялық-техникалық оқу орындары үшін 1 оқу орнына 2

үміткер есебінен анықталады.

21. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаменті ӘОО-н тыңдаушылар және курсанттармен жасақтау жоспарының үзіндісін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің қолбасшыларына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі және Қарулы Күштері Бас штабы департаменттерінің, бас басқармалары мен басқармаларының бастықтарына кадрлық қызмет ұйымдары арқылы жеткізеді, ал олар осының негізінде оқуға түсу жылының 1-наурызына дейін офицерлер қатарынан іріктеу есебін жасайды.

22. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің кадрлық ұйымдары офицерлер қатарынан үміткерлерді іріктеу есебін жасайды. Бұл есептерді тиісті командирлер мен бастықтар бекіткеннен кейін кадрлық ұйымдар оқуға түсу жылының 15 наурызына дейін тікелей Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдеріне, мекемелеріне, ӘОО-на, кәсіпорындары мен ұйымдарына жібереді.

23. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің әскери білім басқармасы әскери-оқу орындарын мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер және азамат жастар қатарының тыңдаушылары және курсанттарымен жасақтау жоспарынан үзінділерді оқуға түсу жылының 1 наурызына дейін Қорғаныс министрлігі мен Бас штаб департаменттерінің, бас басқармалары мен басқармаларының бастықтарына, әскери-оқу орындарының бастықтарына, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлерінің және облыстық әскери комиссариаттардың қолбасшыларына жеткізеді.

**2) Кәсіптік іріктеуді ұйымдастыру**

24. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаменті оқуға түсу жылының 15 ақпанына дейін Қорғаныс министрлігі мен Бас штаб департаменттерінің, бас басқармалары мен басқармаларының бастықтарына, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлерінің қолбасшыларына, облыстық әскери комиссариаттарға, әскери оқу орындарына жастарға әскери-кәсіптік бағдар беру мен осы жылғы ӘОО-на кадрларды іріктеу жөніндегі жұмыстардың нәтижелері туралы және келесі жылдарға арналған мәселелер, ӘОО-на үміткерлерді іріктеу жөніндегі іс-шаралардың жоспары мен үміткерлерді іріктеу есебі туралы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер Бас штабы бастығының директивасын жеткізеді.

25. Әскери қызметшілер мен азамат жастарға әскери-кәсіптік бағдар беру, сонымен қатар ӘОО-на үміткерлерді кәсіптік іріктеу нұсқаулықтарға (осы Ереженің N 1 және N 2 қосымшасына) сәйкес жүзеге асырылады.

26. Бас штабтың Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаментінің

бастығы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлерінің қолбасшылары, облыстық әскери комиссарлар және әскери-оқу орындарының бастықтары ӘОО-н жасақтау жоспарларынан үзінділерді алғаннан кейін тікелей әскери бөлімдер мен әскери комиссариаттарда үміткерлерді кәсіптік іріктеу бойынша жұмыстарды ұйымдастырып, жүргізеді.

27. Бұл жұмыстың негізгі мазмұны:

1) әскери бөлімдер мен әскери комиссариаттар басшылығымен ӘОО-на түсу үшін үміткерлерді дайындау және іріктеу іс-шараларына келісім жасау, оларға емтихан бағдарламаларын, кәсіптік іріктеу бойынша анықтамалық-ақпараттық материалдар мен оқу құралдарын, сонымен қатар нақты әскери оқу орындарына түсерде үміткерлерге қойылатын талаптарды жеткізу;

2) әскери бөлімдерде, әскери комиссариаттарда, кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда, оқу орындарында жүргізіліп жатқан алдын ала іріктеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін әскери оқу орындарының өкілдерін жіберу;

3) әскери бөлімдер (күштер) мен әскери комиссариаттарды әскери оқу орындарының өмірі, ӘОО-на түсу шарттары, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әр түріндегі және әскер түрлеріндегі офицерлік құрамның қызмет ерекшеліктері мен сипатын бейнелейтін көрнекі үгіт құралдарымен қамтамасыз ету.

28. Әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеуді әскери комиссариат жергілікті және атқарушы ұйымдармен тығыз байланыста жүргізеді. Жұмыс облыс (қала, аудан) әкімі бекіткен жастарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет етуге дайындайтын комплекстік жоспар негізінде ұйымдастырылады.

29. Облыстық әскери комиссариаттар азамат жастар қатарынан ӘОО-на түсу үшін үміткерлерді іріктеуге арналған құжаттар мен есептерді алғаннан кейін оқуға түсу жылының 1 наурызына дейін төмендегі жұмыстар жүргізеді:

1) әскери-оқу орындарында оқуға үміткерлердің моральдық қасиеттері мен қоғамдық-саяси белсенділігін зерттеп білу, олардың денсаулықтарының жағдайын тексеру, психофизиялық деректерін, дене даярлығы мен жалпы білімділік дайындықтарын бағалау бойынша жұмыстар ұйымдастырылады;

2) әскери-оқу орындарында оқуға үміткерлерді іріктеу есептері мен тәртібін өңдейді және оларды аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға жеткізеді.

30. Аудандық (қалалық) әскери комиссариаттар әскери-оқу орындарына үміткерлерді іріктеу есептерін алғаннан кейін он күндік мерзім ішінде төмендегі мәселелерді қарастыратын іс-шаралар жоспарын жасайды:

1) әскери-оқу орындары, жергілікті өкімет ұйымдары және қоғамдық ұйымдар өкімдерінің қатысуымен жалпы орта білім беретін мектептердің,

кәсіптік-техникалық училищелердің, техникумдардың алғашқы әскери дайындық пәндерінің оқытушыларына, кәсіпорындар мен мекемелердің, әскери-оқу пункттерінің бастықтарына нұсқау-әдістемелік жиналыстар жүргізу;

2) жастарды әскери-оқу орындарына түсушілерге қойылатын талаптармен таныстыру;

3) кәсіпорындардағы, мекемелердегі, ұйымдардағы, оқу орындарындағы жастарға әскери-кәсіптік бағдар беру жұмыстарына қатысу;

4) әскери қызметшілердің қызмет жағдайларымен, өмірімен, тұрмысымен танысу үшін жастардың әскери-оқу орындарына, әскери бөлімдерге баруын ұйымдастыру;

5) әскери-спорт жарыстарын ұйымдастыру;

6) әскери-оқу орнында оқуға үміткерлерді алдын ала кәсіптік іріктеуді жүргізу.

31. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлерінің қолбасшылары мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарынан әскери-оқу орнына үміткерлерді іріктеу жөніндегі сілтемелер мен есептерін алғаннан кейін оқуға түсу жылының 1 наурызына дейін төмендегі жұмыстарды жүргізеді:

1) әскери-оқу орнында оқуға үміткерлерді іріктеу бойынша өткен жылы жүргізілген жұмыстардың қорытындысын шығарып, келесі жылы оларды әскери бөлімдерде өткізу жөніндегі нұсқаулар беретін бұйрық шығарады;

2) өзінің қарамағындағы әскери бөлімдерде мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге әскери-кәсіптік бағдар беру жөніндегі жұмыстарды және олардың әскери-оқу орындарына оқуға түсуіне жан-жақты дайындығын ұйымдастырады.

32. Әскери-оқу орындарын жасақтау жоспарларынан үзінді және әскери бөлімдерде әскери-оқу орындарына түсу үшін үміткерлерді іріктеуге нұсқаулар алынғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлерінде әскери қызметшілер қатарынан үміткерлерді алдын ала кәсіптік іріктеуден өткізу және олардың әскери-оқу орнына түсушілерге қойылатын талаптарына сәйкес келу дәрежесін анықтау үшін орынбасарлардың төрағалық етуімен алдын ала кәсіптік іріктеу жөнінде комиссия құрылады. Аталған комиссиялар, керек болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және Бас штабының департаменттерінде, бас басқармалары мен басқармаларында құрыла алады.

33. Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және Қарулы Күштер Бас штабының тиісті лауазымды адамдары, әскер (қызмет) түрлерінің бастықтары, штабтар, әскери-оқу орындарының тәрбиелік құрылымдары мен кадрлық ұйымдарының, әскери-оқу орындарының, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралардың өкілдері, сонымен қатар кәсіптік іріктеуді жүргізу мамандары кіреді.

34. Әскери университеттің әскери-заң факультетіне түсуге үміткерлер болған жағдайда комиссия құрамына әскери прокуратура мен сот өкілдері енгізіледі.

35. Әскери-оқу орындарының өкілдері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығы бекіткен есептерге сәйкес алдын ала кәсіптік іріктеу комиссиялары жұмыс істейтін жерлерге іс-сапарларға жіберіледі.

36. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Қарулы Күштер Бас штабы департаменттерінің, бас басқармалары мен басқармаларының бастықтарына тікелей бағынатын, үміткерлерді кәсіптік іріктеу комиссиялары құрылмайтын әскери бөлімдерден таңдап алынатын офицерлер қатарының үміткерлері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінде қаралады. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Түрлерінің қолбасшыларына тікелей бағынатын әскери бөлімдерден таңдап алынатын үміткерлер олардың нұсқаулары бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің сәйкес түрінің алдын ала кәсіптік іріктеу комиссияларында қаралады.

37. Алдын ала кәсіптік іріктеу нәтижелерінің негізінде үміткерлерді әскери-оқу орындарына оқуға жіберу (жібермеу себептерін көрсетіп) туралы шешім қабылданады.

38. Іріктеу комиссиясы жұмыстарының нәтижелері 1 және 2 нысандар (осы Ереженің N 3 қосымшасы) бойынша хаттамамен рәсімделеді. Комиссия мәжілістерінің хаттамаларын тиісті қолбасшылар, командирлер және бастықтар бекітеді.

39. Оқуға түсуге таңдап алынған үміткерлерге 3 нысан бойынша аты-жөн тізімдері мен 4 және 5 нысандар бойынша (осы Ереженің N 3 қосымшасы) кәсіптік іріктеу парақшалары рәсімделеді.

40. Штабтар мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлерінің кадрлық ұйымдары, сонымен қатар облыстық әскери комиссариаттар наурыз айынан бастап мамыр айына дейін (қоса есептегенде) әр айдың 10-на Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттердің әскери-оқу орындарына үміткерлерді іріктеу барысы туралы деректерді Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаментіне және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментіне (осы Ереженің N 4 қосымшасы) хабарлап отырады.

**3) Офицерлер қатарынан әскери оқу орындарына түсу үшін үміткерлерді кәсіптік іріктеу тәртіптері**

41. Әскери-оқу орындарына оқуға түскісі келетін офицерлер түсу жылының 1 ақпанына дейін команда бойынша әскери бөлім командирінің атына баяндама жазады. Баяндамада: әскери атағы, аты-жөні, қызметі, туған күні, айы, жылы,

жалпы және әскери білімі және офицер оқуға түскісі келетін әскери-оқу орнының (факультеттің, мамандығының) атауы көрсетіледі. Баяндамаға білімі туралы құжаттың көшірмесі, қызмет орнынан алынған мінездемесі, расталған 3 фотокарточкасы (бас киімсіз, мөлшері 4,5х6) тіркеледі.

Білімі туралы құжаттың түпнұсқасы әскери-оқу орнының қабылдау комиссиясына келген кезде тапсырылады.

42. Әскери бөлімдер командирлері офицерлердің баяндамаларын алғаннан кейін баяндама берген офицерлер алғашқы медициналық куәландырудан өткеннен кейінгі ұдайы әрекет етуші аттестациялық комиссиялардың пікірін ескере отырып, алдын ала кәсіптік іріктеу үшін оларды комиссияға жіберу туралы шешім қабылдайды.

Егер офицердің қазіргі қызметімен күн тәртібі сақталған объектілерде жұмыс істеуге рұқсаты болмаса, онда, қажет болған жағдайда, сол рұқсат алу үшін материал дайындалады. Әскери-оқу орнына қабылдау шарттарына сай келмейтін офицерлерге оқуға үміткер есебінде әрі қарай қарастыруға қарсылық білдіріледі.

Офицерді оқуға үміткер есебінде әрі қарай қарастыруға қарсылық жеке әңгімелесу барысында себептерін көрсету арқылы жасалады.

43. Құрамалар командирлері тәрбие құрылымдарымен бірлесіп ұсынылған үміткерлердің құжаттарын қарайды оларды оқуға үміткер есебінде әрі қарай қарастыруға ұсыныс туралы шешім қабылдайды.

44. Оқуға үміткер есебінде әрі қарай қарастыруға құрамалардың командирлеріне ұсынылған офицерлердің жеке істері, қызметтік карточкалары, медициналық куәландыру карточкасы, әскери қызметшілердің жанұясы мүшелерінің кез келген жерлерде өмір сүруіне қарсылық білдірмеуі туралы әскери-дәрігерлік комиссиясының анықтамасы және осы Ереженің 41-бабында көрсетілген құжаттарды құрамалардың, кадрлық ұйымдардың бастықтары команда бойынша кадрлық ұйымдар арқылы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлерінің алдын ала кәсіптік іріктеу комиссияларына оқуға түсу жылының 1 сәуіріне дейін ұсынады.

45. Оқуға түсу жылының 1 мамырына дейін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлерінде офицерлердің он күндік жиыны өткізіледі. Оның барысында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлері тиісті мамандарының қатысуымен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлерінің комиссияларымен өткізілетін алдын ала кәсіптік іріктеу жүзеге асырылады. Оқуға үміткер ретінде қабылдау жалпы тактика (Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектерінің тактикасы), құрылым, жауынгерлік мүмкіндіктер мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлерінің негізгі қару-жарағы мен әскери техникасын пайдалану, жалпы әскери жарғылар, дене

және саптық даярлықты тексеру бойынша әңгіме жүргізу нәтижелері негізінде 2 оқу орнына 3 адам есебінен жүзеге асырылады.

Алдын ала кәсіптік іріктеудің нәтижелері 6 нысан (осы Ереженің N 3 қосымшасы) бойынша рәсімделеді.

Әскери университеттердің (академиялардың) командалық факультеттеріне түсуші үміткерлерді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлерінің Әскери кеңесі бекітеді.

Әскери-оқу орнына оқуға үміткерлерді есепке алу немесе оқуға түсуге қарсылық білдіру туралы шешімдер әрбір офицерге оқуға түсу жылының 15 мамырына дейін әскери бөлім офицерлерінің жалпы жиналысында хабарланады.

46. Офицер қатарындағы үміткерлердің 44 бапта атап көрсетілген құжаттарын және күн тәртібі сақталған объектілерде жұмыс істеуге рұқсат беру анықтамасын (қажет болған жерлерде), сондай-ақ алдын ала кәсіптік іріктеу комиссиясы мәжілісінің хаттамасынан үзіндіні кадрлық ұйымдар оқуға түсу жылының 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаментіне жібереді.

**4) Әскери-оқу орнына мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарынан үміткерлерді кәсіптік іріктеу тәртібі**

47. Әскери бөлімдер командирлері мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарындағы үміткерлерді іріктеу есептерін алғаннан кейін 5 күндік мерзім ішінде кәсіптік іріктеуді ұйымдастыру және жүзеге асыру туралы бұйрық шығарып, оған іс-шаралар жоспарын тіркейді. Бұйрықта бөлімшелерде үміткерлерді іріктеу және әскери-кәсіптік бағдар беру жұмыстарының тәртібі көрсетіледі.

Іс-шаралар жоспарында:

1) әскери-кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру, әскери бөлімдердің клубтарында, Офицерлер үйінде оқу-кеңес беру пункттерін құру, сол пункттерде әскери-оқу орындарының өмірін, қабылдау шарттарын, офицерлік құрамының Қарулы Күштерінің әр түріндегі және әскер түрлеріндегі қызметінің ерекшеліктері мен сипатын көрсететін үгіт-насихат көрнекілік құралдарын жасауға ұсыныстар;

2) медициналық куәландыру жүргізу, жеке істерді дайындау және оларды әмір бойынша қарауға тапсыру тәртібі мен мерзімдері;

3) Қарулы Күштері құрамындағы офицерлердің жауынгерлік қызметі туралы кинофильмдер көрсету;

4) Ұлы Отан соғысының және Қарулы Күштердің ардагерлерімен, ӘОО-ның өкілдерімен кездесулер, сонымен қатар мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді ӘОО-на оқуға түсуге дайындайтын басқа мерекелер ұйымдастыру

;

5) офицер мамандығы туралы мерзімді қызметтегі әскери қызметкерлер арасында жеке әңгімелер өткізу қарастырылады.

48. ӘОО-на түсемдеуші мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер оқуға түсу жылының 1 наурызына дейін команда бойынша әскери бөлім командирінің атына баяндама жазады. Баяндамада әскери атағы, аты-жөні, атқаратын қызметі, туған жылы, айы, күні, білімі, әскери қызметші оқуға түскісі келетін әскери-оқу орнының (факультеттің) атауы көрсетіледі. Баяндамаға орта білімі туралы құжаттың (аттестаттың, куәліктің, дипломның) көшірмесі, үш расталған фотокарточкасы (бас киімсіз, мөлшері 4,5х6 см), өмірбаяны, мінездемелері (осы Ереженің N 6 қосымшасы), қызметтік карточкасы тіркеледі. Білім туралы құжаттың түпнұсқасы әскери қызметші ӘОО-на келгенде тапсырылады.

49. Бөлімшелердің командирлері ӘОО-на түсемдеуші әскери қызметшілерді мұқият зерделеуді ұйымдастырады. Қабылдау шарттарына сай келетін үміткерлер ашық дауыс беру арқылы әрі қарай қарастыруға ұсыну туралы шешім қабылданатын мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің жалпы жиналысында талқыланады. Содан кейін таңдаған ӘОО-нда оқуға жарамдылығын анықтау үшін әскери дәрігерлік комиссияға алғашқы медициналық куәландырудан өтуге жіберіледі.

50. Әскери бөлімдер мен құрамалар командирлері мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді іріктеу және олардың ӘОО-на түсу дайындығының барысы туралы қарамағындағы командирлер мен бастықтардың пікірін үнемі тыңдайды.

51. ӘОО-на оқуға түсуге жіберуге лайық және өзі таңдаған ӘОО-нда оқуға жарамды деп танылған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге бекітілген форма бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1995 жылғы N 61 бұйрығына сәйкес медициналық құжаттар рәсімделеді.

52. Осы Ереженің N 48 бабында көрсетілген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарындағы үміткерлердің құжаттарын әскери бөлімшелердің командирлері оқуға түсу жылының 15 сәуіріне дейін құрамалар штабтарына жібереді.

53. Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді құрамалардың алдын ала кәсіптік іріктеу комиссияларының карауына жіберу немесе оқуға жіберуге қарсылық білдіру туралы шешімді әскери бөлімдердің командирлері қабылдайды.

54. Құрамалардың комиссиялары ӘОО-на оқуға түсуге үміткерлер ретінде іріктеп алған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің атаулы тізімдерін құрамалар командирлері қарап бекітеді және осы Ереженің 48-бабында көрсетілген құжаттармен (рәсімделген жеке істерімен) бірге оқуға түсу жылының 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тиісті

әскери-оқу орындарына, ал басқа мемлекеттердің ӘОО-на түсушілердің тізімі белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментіне жіберіледі.

55. Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер кәсіптік іріктеуден өту үшін және түсу емтихандарын тапсыру үшін белгіленген уақытта алдын ала кәсіптік іріктеуден өткен жерінен тікелей оқу орнына жіберіледі.

56. Алдын ала кәсіптік іріктеуден өтпеген әскери қызметшілер өздерінің әскери бөлімдеріне жіберіледі.

**5) Әскери-оқу орындарына азамат жастар қатарынан үміткерлерді кәсіптік іріктеу тәртібі**

57. ӘОО-на түсем деуші азамат жастар қатарының тұлғалары түсу жылының 1 сәуіріне дейін жергілікті аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға өтініш береді. Өтініште аты-жөні, туған жылы, айы, күні, мекен-жайы, оқуға түскісі келетін (аталған әскери комиссариат үшін үміткерлерді іріктеу есептерінде ӘОО-ның болу-болмауына қарамастан) ӘОО-ның (факультетінің) атауы көрсетіледі.

Өтінішке өмірбаян, жұмыс немесе оқу орнынан мінездеме (осы Ереженің N 7 қосымшасы), орта білімі туралы құжаттың көшірмесі (орта мектеп оқушылары үлгерімі жайлы анықтама), 3 фотокарточкасы (бас киімсіз, мөлшері 4,5х6 см) тіркеледі.

Төлқұжатын, әскери билетін немесе тізімге тіркелгені туралы куәлігін және орта білімі туралы құжаттың түпнұсқасын үміткер келгеннен кейін қабылдау комиссиясына өзі тапсырады.

Егер оқуға қабылдау туралы өтініш тікелей ӘОО-на тапсырылған болса, онда ӘОО-ның бастықтары жергілікті әскери комиссариаттарға ӘОО-на түскісі келетін тұлғаларды және оларды оқуға үміткерлер есебінде дайындау туралы өзінің қорытындысын жібереді.

58. ӘОО-на азамат жастар қатарынан үміткерлерді кәсіптік іріктеуді аудандық (қалалық) шақыру комиссиялары оқуға түсу жылының 1 мамырына дейін жүргізеді.

59. Әскерге шақыру жасына жеткен және ӘОО-на түсем деуші азамат жастар әскери комиссариатта тіркеуде болу-болмауына қарамастан ӘОО-нда оқуға үміткер ретінде аудандық (қалалық) шақыру комиссияларынан тексеруден өтеді.

60. Үміткерлерді аудандық (қалалық) шақыру комиссияларының жан-жақты тексеруінің негізінде ӘОО-на түсу үшін құжаттарды рәсімдеу немесе құжаттарды рәсімдеуге қарсылық білдіру туралы шешім қабылданады.

ӘОО-на оқуға жіберуге лайық және алғашқы медициналық куәландыру кезінде таңдаған әскери-оқу орындарында оқуға жарамды деп танылған

үміткерлерге бекітілген нысан бойынша тиісті медициналық құжаттар рәсімделеді.

Әскери-оқу орындарына түсуші барлық үміткерлер ӘОО-на жіберу алдында қайтадан облыстық әскери комиссариаттардың дәрігерлік (дәрігерлік-ұшқыштық) комиссияларында медициналық куәландырудан өтеді.

61. Үміткерлердің осы Ереженің 57, 60 баптарында көрсетілген құжаттарын, қажет болған жерде, күн тәртібі сақталған объектілерде жұмыс істеуге рұқсат беру туралы анықтамаларын аудандық (қалалық) әскери комиссариаттар оқуға түсу жылының 15 мамырына дейін облыстық әскери комиссариаттарға жіберуі керек.

62. Облыстық әскери комиссариаттардың шешімдері хаттамамен рәсімделеді де он күндік мерзім ішінде үміткерлерге хабарланады.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесі туралы облыстық әскери комиссариаттар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығына және Қарулы Күштер Бас штабы Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментінің бастығына баяндайды, ал іріктелген үміткерлердің құжаттары оқуға түсу жылының 1 маусымына дейін тиісті әскери-оқу орындарына, ал басқа мемлекеттердің әскери-оқу орындарына белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаментіне жібереді.

63. Әскери-оқу орындарының қабылдау комиссиялары және басқа мемлекеттердің әскери-оқу орындары үшін тағайындалған қабылдау комиссиялары үміткерлерге келіп түскен құжаттарды қарайды да, егер олар осы Ереженің талаптарына сай болса, оларды кәсіптік іріктеуге жіберу туралы шешім қабылдайды. Шешім хаттамамен рәсімделеді.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-оқу орындарына кәсіптік іріктеуден өту үшін үміткерлердің келетін уақыты мен орны туралы әскери-оқу орындарының бастықтары үміткерлерге әскери комиссариаттар арқылы оқуға түсу жылының 25 маусымына дейін, ал басқа мемлекеттердің әскери-оқу орындарына түсушілерге Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығы 25 шілдеге дейін хабарлайды.

**6) Экстернмен емтихан тапсыру үшін үміткерлерді іріктеу тәртібі**

64. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-оқу орындары жанындағы экстернаттың мақсаты әскери қызметшілердің қызметтен қол үзбей орта әскери-кәсіптік білім алуын қамтамасыз ету.

65. Экстернмен емтихан тапсыруға орта әскери-кәсіптік білімі жоқ, қызметте өзін жақсы жағынан көрсете білген, денсаулық жағдайы сәйкес әскер түріндегі

қызметке жарамды әскери қызметшілер жіберіледі:

1) азаматтық оқу орындарының әскери кафедраларында әскери дайындықтан өтпеген, азаматтық жоғары немесе орта кәсіптік білімі бар офицерлер;

2) келісім-шарт бойынша қызмет етіп жүрген, азаматтық немесе орта кәсіптік білімі бар, прапорщиктер, мичмандар немесе офицерлер қызметтерінде 2 жылдан кем емес қызмет еткен прапорщиктер, мичмандар, әскери қызметшілер;

3) келісім-шарт бойынша қызмет етіп жүрген, орта кәсіптік білімі бар, прапорщиктер мен мичмандар мамандықтары бойынша 5 жылдан кем емес қызмет еткен прапорщиктер, мичмандар, әскери қызметшілер.

66. Орта ӘОО-на түсуге экстернмен емтихан тапсырғысы келген офицерлер, прапорщиктер, мичмандар команда бойынша әскери бөлім командирінің, мекеме, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі ұйым бастығының (әрі қарай әскери бөлім командирі) атына емтихан тапсырар жылдың алдындағы жылдың 1 қазанына дейін баяндама жазады. Баяндамада туған жылы, айы, күні, білімі, сонымен қатар, экстернмен қандай мамандық бойынша емтихан тапсырғысы келетіндігі көрсетіледі.

Баяндамаға орта білімі туралы құжаттың (аттестат, куәлік, диплом) көшірмесі , қызмет орнынан мінездеме академиялық анықтама (азаматтық жоғары және орта оқу орындарында сырттай немесе кешке оқитын тұлғалар үшін), екі расталған фотосурет (бас киімсіз, мөлшері 4,5х6 см) тіркеледі.

67. Әскери бөлімдердің командирлері экстернмен емтихан тапсырғысы келген әскери қызметшілердің баяндамаларын алғаннан кейін олардың әрқайсысын зерттеп білуге міндетті және қойылған талаптарға сай келетіндеріне қатысты сәйкес мамандықтар бойынша экстернмен емтихан тапсыруға рұқсат беру туралы шешім қабылдауға міндетті.

Әскери бөлім командирлерінің шешімдеріне сәйкес медициналық куәландыру парақшалары, осы Ереженің 64-бабында көрсетілген құжаттар, жеке істер, қызмет парақшасы және, қажет болған жағдайда, күн тәртібі шектелген объектілерде жұмыс істеуге рұқсаты туралы анықтама оқуға түсер алдындағы жылдың 15 қазанына дейін команда бойынша бірлестіктердің, құрамалардың, әскер түрлерінің кадрлар бөлімдеріне және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаментіне ұсынылады.

Орта білімі туралы құжаттардың түпнұсқалары әскери-оқу орындарына келгенде тапсырылады.

68. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаменті экстернмен емтихан тапсырар жыл алдындағы жылдың 30 қарашасына дейін алынған құжаттарды жалпылайды, экстернмен емтихан тапсыруға іріктелген әскери қызметшілердің тізімін жасайды да Қорғаныс министріне баяндайды.

Экстернмен емтихан тапсыруға рұқсат беру туралы шешім емтихан тапсырар жылдың 1 қаңтарына дейін әскери бөлімдердің командирлері арқылы экстернмен емтихан тапсырғысы келетін әскери қызметшілерге хабарланады.

Бекітілген тізім осы Ереженің 64 және 65 баптарында көрсетілген құжаттардың қосымшасымен бірге экстернмен емтихан тапсырар жылдың 15 қаңтарына дейін әскери-оқу орнының бастығына жіберіледі.

69. Әскери-оқу орнының бастығы әскери қызметшілердің келіп түскен құжаттарын қарастырады және экстернмен емтихан тапсырар жылдың 1 ақпанына дейін әскери бөлім командирлеріне әскери қызметшілердің емтихандар мен сынақтарды тапсыру үшін әскери-оқу орнына келетін уақытын хабарлайды.

70. Әскери-оқу орны жанындағы экстернат оқыту және әдістемелік мәселелер бойынша осы бұйрықты басшылыққа алады.

Экстернат арқылы орта әскери-кәсіптік білімі бар мамандарды дайындауға бағытталған жоспарлар мен бағдарламаларды әскери-оқу орны өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі және Қарулы Күштері Бас штабы департаменттерінің, бас басқармалары мен басқармаларының бастықтары қарастырады және бекітеді.

Оқыту жоспарының барлық пәндері бойынша емтихан немесе бағалы сынақ тапсыру көзделеді. Тәжірибелер мен тағылымдамалардан өту көзделмейді.

71. Әскери қызметшілердің экстернмен емтихан тапсыруға дайындығы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері командирлерінің сұрауы бойынша жіберілетін әскери-оқу орындарының сәйкес оқыту бағдарламалары мен оқыту-әдістемелік материалдары бойынша өз беттерінше даярлану тәртібімен жүргізіледі.

72. Әскери бөлімдердің командирлері әскери қызметшілердің емтихан тапсыруға дайындалуы үшін барлық керекті жағдайларды жасайды, олардың жеке дайындық жоспарларын бекітеді, тереңірек дайындалған офицерлердің ішінен кеңесшілер тағайындайды, бөлімшелердің командирлері мен өзінің орынбасарларын қатыстыру арқылы және жеке дайындықтың жоспарға сәйкестігі мен сапасына бақылау жасайды.

Экстернмен емтихан тапсыруға үміткерлер болып бекітілген әскери қызметшілер экстернмен емтихан тапсырар жыл алдындағы жылдың 1 желтоқсанынан бастап командирлік даярлық сабақтарынан босатылады және осы уақытты емтиханға өз бетінше дайындалуға пайдаланады. Бұдан басқа, емтиханға дайындалу үшін оларға аптасына жұмыстан бос бір күн және аптасына жұмыс күндері сағат 17.00-ден кейін екі бос кеш беріледі.

73. Экстернмен емтихан тапсыру үшін әскери қызметшілер әскери-оқу орны бастығы көрсеткен мерзімде Мемлекеттік біліктілік комиссиясы жұмысын бастағанға дейінгі екі ай бұрын келу есебімен әскери-оқу орнына жиынға

жіберіледі.

Экстернмен емтихан тапсыру үшін әскери-оқу орнына келген әскери қызметшілер (әрі қарай экстерндер) казармамен немесе жатақханамен қамтамасыз етіледі. Олардың емтиханға немесе сынаққа дайындалуы үшін кластар, зерттеуханалар және қажетті оқу-әдістемелік материалдар бөлініп беріледі. Сабақтар мен кеңес-сабақтар өткізу үшін, сонымен қатар емтихандар мен сынақтарды экстернмен қабылдау үшін әскери-оқу орнының оқытушылары тағайындалады. Сабақтарды, кеңес-сабақтарды өткізу және емтихандар мен сынақтарды қабылдау уақыты оқытушылардың оқыту жүктемесіне қосылады.

74. Мемлекеттік емтихандар басталғанға дейін экстерндер оқыту бағдарламасының мемлекеттік емтихандарға қосылмаған барлық пәндерінен емтихандар және сынақтар тапсыруға міндетті. Емтихандар мен сынақтардан үштен (қанағаттанарлық) кем емес баға алған әскери қызметшілер әскери-оқу орны бастығының бұйрығымен мемлекеттік емтихандарды тапсыруға жіберіледі.

Екіден артық емес пәндер бойынша емтихандар мен сынақтардан қанағаттанарлықсыз баға алған әскери қызметшілер әскери-оқу орны бастығының рұқсатымен басқа пәндерден барлық емтихандар мен сынақтарын тапсырып болғаннан кейін сол пәндер бойынша емтихандар мен сынақтарды қайтадан тапсыра алады.

Жоғары немесе орта кәсіптік білімі бар, сонымен қатар азаматтық жоғары немесе орта-кәсіптік оқу орындарының сырттай және кешкі факультеттерінде ( бөлімдерінде) оқитын экстерндер әскери-оқу орны бастығының шешімімен азаматтық оқу орындарында емтихан (сынақ) тапсырған пәндерден оқыту бағдарламаларының сәйкес келу шартымен емтихандардан (сынақтардан) босатылады.

75. Мемлекеттік емтихандарды экстернмен қабылдау бітіруші курс курсанттарынан мемлекеттік емтихан қабылдайтын комиссияларға жүктеледі.

Экстернмен емтихандарды тапсыру нәтижелері мемлекеттік емтихан комиссиясының шешімі мен есебінің жеке бір тармағы ретінде көрсетіледі.

Экстернмен емтихан тапсырған әскери қызметшілерге бекітілген үлгідегі диплом мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің орта әскери-оқу орнын бітіргені жайлы кеуде белгісі беріледі.

Оқыту жоспарындағы пәндердің 75 процентінен 5 (өте жақсы бағасын), ал қалған пәндерден 4 (жақсы бағасын) алған, мемлекеттік емтихандарды 5-ке (өте жақсы) тапсырған әскери қызметшілерге үздік диплом беріледі.

Оқыту жоспарындағы пәндердің барлығынан 5 (өте жақсы бағасын) алған, мемлекеттік емтихандарды 5-ке (өте жақсы) тапсырған әскери қызметшілерге мемлекеттік емтихан комиссиясының шешімімен үздік диплом беріледі және

олардың аты-жөні әскери-оқу орнының Құрмет тақтасына енгізіледі.

76. Офицерлердің, прапорщиктердің, мичмандардың, келісім-шарт әскери қызметшілерінің экстернмен емтихан тапсыруы және орта әскери арнайы білім алуы туралы әскери-оқу орны бастығының бұйрығымен хабарланады. Бұйрықтың көшірмесі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаментіне және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаментіне, ал оның үзіндісі емтихан тапсырған тұлғалардың қызмет орнының кадрлық ұйымдарына жіберіледі.

77. Үш және одан көп пәндер мен сынақтар немесе бір мемлекеттік емтиханды тапсыра алмаған әскери қызметшілер әскери-оқу орны бастығының шешімімен бұрынғы қызмет орнына қайтарылады.

Әскери-оқу орны бастығының қорытындысы бойынша келесі жылғы түлектермен бірге қайтадан емтихан тапсыруға жіберіле алатын әскери қызметшілерге анықтама беріледі. Анықтамада сынақтар мен емтихандардан және мемлекеттік емтихандардан алған бағасы, тапсыра алмаған пәндері көрсетіледі және әскери-оқу орны бастығының әскери қызметшіге емтихандарды (сынақтарды) қайта тапсыруға рұқсат беруі туралы қорытындысы жазылады. Бұл әскери қызметшілердің құжаттары олардың бұрын қызмет еткен орындарындағы әскери бөлімдеріне қайтарылады.

Экстернмен емтихан тапсыра алмаған әскери қызметшілер емтихандарды қайта тапсыруға тек бір рет жіберіледі. Бұл жағдайда осы Ереженің 70-бабында көрсетілген емтиханға дайындық үшін берілетін жеңілдіктер берілмейді.

Экстернмен емтихан тапсыруға қайта жіберілген тұлғалардың бұрын сынақтардан, емтихандардан және мемлекеттік емтихандардан алған жақсы бағалары есепке алынады.

78. Емтихандарды жүргізу және экстерндердің дайындығы үшін қажетті қару-жарақпен, моторесурстармен, жанар-жағар май материалдарымен, материалдардың басқа түрлерімен қамтамасыз етуді әскери-оқу орны бастығының сұранысы бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жүзеге асырылады.

79. Мемлекеттік емтихандарды жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен өз қызметінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1999 жылғы 26 шілдедегі N 115А бұйрығымен жарияланған Мемлекеттік емтихан комиссиялары туралы Ережені басшылыққа алатын Мемлекеттік емтихан комиссиясы тағайындалады.

80. Әскери-оқу орнын диплом бланктерімен қамтамасыз етуді әскери-оқу орындары бастықтарының тапсырысы негізінде Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаменті жүзеге асырады.

**7) Үміткерлерді оқуға түсуге дайындау және оларды әскери-оқу орындарына жіберу**

81. Әскери қызметшілер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлерінің алдын ала кәсіптік іріктеу комиссиялары оқуға үміткер етіп бекіткен уақыттан бастап қызмет орнынан қозғалмайды. Оқуға үміткер 10 тәуліктен көп уақытқа іс-сапарларға жіберілмейді және демалыс пен мереке күндері қызметке тағайындалмайды. Офицерлерге оқуға түсуге дайындалу үшін жұмыс күндері сағат 18.00-ден бастап аптасына екі бос кеш беріледі.

Офицерлер қатарынан шыққан оқуға үміткерлерге кезекті демалыс емтихан тапсыру басталғанға дейін пайдалана алуы есебімен беріледі.

82. Офицерлердің қоғамдық ғылымдар, жалпы білімдік, тактикалық (арнайы-тактикалық), әскери-техникалық (әскери-арнайы) және жалпы ғылыми пәндер бойынша дайындығы оқуға түсу жылының 1 маусымына дейін кадрлық ұйымдар арқылы ӘОО-ның үміткерлеріне жіберілетін ӘОО жасаған бағдарламалар бойынша өз беттерінше жүргізіледі.

83. Әскери қызметшілер қатарының үміткерлеріне ӘОО-на түсуге дайындалуға көмек беру мақсатында Офицерлер үйлері мен клубтар жанында оқыту-кеңес беру пункттері ұйымдастырылады.

84. Азамат жастар қатарының үміткерлерін ӘОО-на жіберуді әскери-оқу орындары бастықтарының және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығының шақыруы бойынша облыстық (қалалық) әскери комиссариаттар жүзеге асырады.

85. Әскери-оқу орындарына келген барлық үміткерлер тегін жатақханамен (казармамен), оқу құралдарымен, әдебиетпен, ал мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен азамат жастар қатарының үміткерлері бекітілген мөлшердегі тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

## 4. ҮМІТКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ-ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТЫҢДАУШЫЛАРЫ МЕН КУРСАНТТАРЫ РЕТІНДЕ ЕСЕПКЕ АЛУ ТӘРТІБІ

86. Әскери-оқу орындарының күндізгі және сырттай оқу бөлімдеріне түсуші үміткерлерді қабылдауды әскери-оқу орындарының қабылдау комиссиялары (Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің қабылдау комиссиялары) жүзеге асырады.

87. Әскери-оқу орындары қабылдау комиссияларының құрамын жыл сайын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы мен комиссия төрағалары болып табылатын әскери-оқу орындарының бастықтары анықтайды.

Әскери-оқу орындарының қабылдау комиссиялары өкілеттілігінің мерзімі бір жылға бекітіледі және оларды тағайындау туралы бұйрықтарға қол қойылған

кезден басталады.

88. Қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары болып әскери-оқу орны бастығының оқу және ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары (оқу бөлімінің бастығы) және Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаменті әскери білім басқармасының офицері тағайындалады.

Әскери-оқу орны қабылдау комиссиясының құрамына: тәрбиелік және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар бөлімінің бастықтары (бастықтарының орынбасары), кадрлар бөлімінің, заң бөлімінің бастықтары, факультет бастықтары (курсанттардың батальон, дивизион командирлері) және олардың тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасарлары, бастаушы кафедралар, циклдар бастықтары немесе олардың орынбасарлары (осы кафедралардың, циклдардың аға оқытушылары), медициналық қызмет бастығы, кәсіптік іріктеу тобының бастығы, әскери психолог және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы мен әскери-оқу орны бастығының шешімі бойынша басқа да қызмет тұлғалары енеді.

Үміткерлерді әскери-заң факультетіне қабылдау үшін қабылдау комиссиясының құрамына әскери прокуратура, сонымен қатар әскери соттардың өкілдері енеді.

Қабылдау комиссиясы төрағасының шешімі бойынша комиссия құрамынан жауапты хатшы тағайындалады.

89. Қабылдау комиссиясына:

1) үміткерлердің қоғамдық белсенділігі мен моральдық қасиеттерін бағалау;

2) үміткерлердің кәсіптік іріктеуі және оларды соңғы медициналық куәландырудан өткізу;

3) қабылдау емтихандарын өткізу;

4) үміткерлерді әскери-оқу орнының тыңдаушылары мен курсанттары ретінде есепке алу туралы бұйрықтың жобасын дайындау;

5) әскери-оқу орнына қабылдау мәселелеріне қатысты үміткерлердің шағымдарын қарау жүктеледі.

90. Әскери-оқу орындарының қабылдау комиссиялары кәсіптік іріктеу жұмыстарын:

1) офицерлермен - оқуға түсу жылының 10 шілдесінен 10 тамызына дейін;

2) мерзімді қызметтегі әскери қызметшілермен, азамат жастармен - оқуға түсу жылының 5-25 шілдесі аралығында (басқа мемлекеттердің әскери-оқу орындарына түсушілермен - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаменті белгілеген мерзімде) жүргізеді.

91. Үміткерлерді әскери-оқу орындарына қабылдау үшін әскери-оқу орны бастығының шешімімен қабылдау комиссиясының құрамында үміткерлердің қоғамдық-саяси белсенділігі мен адамгершілік қасиеттерін бағалау, кәсіптік

психологиялық іріктеуді жүргізу, дене даярлығын тексеру үшін шағын комиссия (ӘОО-нда - дене даярлығы оқытушылары қатарынан) және әрбір жалпы білім беретін (әскери) пән бойынша білімдерін тексеру үшін пәндік емтихандық шағын комиссия құралады.

Пән емтихандық шағын комиссияны жасақтауды қосымша ақысыз әскери-оқу орындарының тұрақты құрамы қатарынан Қарулы Күштердің әскери қызметшілері мен қызметшілері жүргізеді. Пән емтихандық шағын комиссияның төрағасы тек әскери-оқу орындарының тұрақты құрамындағы офицерлер, генералдар мен адмиралдар қатарынан тағайындалады.

Іріктеу (қабылдау) комиссияларында (шағын комиссияларында) оқуға үміткерлердің білімдерін тексеру жүргізілетін жалпы білімдік пәндер бойынша мамандар болмаған жағдайда пән емтихандық шағын комиссияның мүшелері ретінде бекітілген тәртіп бойынша сағаттық еңбекақы төлеу арқылы жоғары және орта азаматтық оқу орындарының оқытушыларын тартуға, сонымен қатар осындай шарттармен кәсіптік іріктеу жүргізу үшін басқа да мамандарды тартуға рұқсат етіледі.

92. Емтихандардың басталуына дейін қабылдау комиссиясының төрағасы пән емтихандық шағын комиссияның құрамына тағайындалған тұлғалармен нұсқау-әдістемелік кеңес өткізеді.

93. Қабылдау комиссиялары мен пән емтихандық шағын комиссиялардың құрамы мен оған қатысты техникалық персонал жыл сайын кем дегенде 25 процентке өзгертіліп отырады.

94. Үміткерлердің жалпы білімдік (әскери-кәсіптік) даярлығын тексеру тексеруге шығарылатын пәндердің тізбесі бойынша жүргізіледі.

95. Үміткерлердің жалпы білімдік (әскери-кәсіптік) дайындықтарын тексеру үшін әскери-оқу орнында жыл сайын емтихандық билеттер мен тапсырмалар жасалады да, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаменті бастығымен және әскери-оқу орындарының бастықтарымен бекітіледі.

96. Әскери-оқу орындары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім беру мен тест қабылдау мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығымен келісім жасау негізінде Білім беру министрлігінің 1995 жылғы 16 қаңтардағы N 15 бұйрығына 2 қосымшасының негізгі талаптарына сәйкес тест бойынша түсу сынақтарын өткізе алады.

97. Әскери-оқу орындарына түсушілер түсу емтихандарын республиканың мемлекеттік тілінде немесе ұлтаралық қатынас тілінде тапсыра алады.

98. Тест талапкердің таңдауынша жалпы орта білім беру бағдарламаларының көлемінде төрт пән бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі. Міндетті түрдегі пәндерге қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихи мен математика

жатады, ал төртінші пән мамандыққа байланысты белгіленеді. Мұндайда пәндердің біреуі бейінді болып табылады.

99. Әр пән бойынша тест-сұрақтардың саны - 30. Әрбір тест-сұраққа берілген дұрыс жауап бір бал болып саналады. Тестке 3 (астрономиялық) сағат бөлінеді.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және басқа да мемлекеттердің әскери-оқу орындары курсанттарының қатарына тест кезінде 40 балдан төмен, соның ішінде бейінді пән бойынша 10 балдан кем алған талапкерлерді қабылдау рұқсат етілмейді.

100. Әскери-оқу орындарына оқуға түсуге кәсіптік іріктеудің барлық талаптарына сай келетін жағдайда төмендегі тұлғалардың орта білімдері тексерілмейді:

1) "Халық қаһарманы" атағына ие болған тұлғалар;

2) Республикалық "Жас ұлан" мектебінің түлектері;

3) Ерекше үлгідегі аттестаттары бар және "Алтын белгі" кеуде белгісімен марапатталғандар, сонымен қатар сәйкес мамандық бойынша оқуға түскен кезде:

а) оқушылардың халықаралық олимпиадасының жүлдегерлері;

ә) ағымдағы оқужылында оқушылардың пәндер бойынша Республиканың олимпиадаларының жеңімпаздары, 1, 2 және 3 дәрежедегі дипломдармен марапатталғандар.

101. Әскери-оқу орындарының бірінші курсына орта білімдік пәндер бойынша білімдері тексерілмей, сәйкес сұхбаттасудан кейін аталған ӘОО-на түсу кезіндегі кәсіптік іріктеудің барлық талаптарына сай келетін және осы ӘОО-ның бейініне сәйкес келетін мамандықтар бойынша азаматтық жоғары оқу орындарының бірінші немесе одан жоғары курстарын аяқтаған тұлғалар қабылдана алады.

Бейіндері сәйкес келмеген жағдайда үміткерлер ортақ негізде емтихан тапсырады. Сұхбаттасу, тест алу немесе емтихан тапсыру туралы шешімді қабылдау комиссиясының төрағасы қабылдайды.

102. Жоғары әскери оқу орындарын үздік дипломмен, орта оқу орындарын үздік дипломмен бітірген офицерлер, орта мектепті "Алтын белгі" кеуде белгісімен, орта кәсіптік немесе орта кәсіптік-техникалық оқу орындарын үздік дипломмен бітірген азамат жастар қатарындағы тұлғалар мен мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер ӘОО-на түсушілерге қойылатын басқа талаптарға сай болған жағдайда ӘОО-ның бастығы анықтайтын негізгі пән бойынша бір емтихан тапсырады. Аталған тұлғалар негізгі пән бойынша "5" (өте жақсы) деген баға алған жағдайда басқа емтихандардан босатылады, ал "4" ( жақсы) немесе "3" (қанағаттанарлық) деген бағалар алған жағдайда емтиханға шығарылатын барлық пәндер бойынша ортақ негізде емтихандар тапсырады.

103. Әскери оқу орындарына конкурстан тыс жалпы білімдік (әскери) пәндерден жақсы баға алған жағдайда кәсіптік іріктеудің нәтижелері негізінде:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері офицерлік құрамының далалық (әуе) жаттығулар жарысында бірінші орын алған рота (батарея), батальон (дивизион) командирлері, батальон (дивизион) командирлерінің орынбасарлары мен оларға тең дәрежедегілер;

2) жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынан айырылған;

3) әскери міндетін өткеру кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің балалары;

4) республикалық әскери мектеп-интернаттардың түлектері;

5) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадет корпусының түлектері қабылданады.

104. Түсу емтихандарынсыз және конкурстан тыс түсуге құқығы бар тұлғаларды тіркеуден өткізгеннен кейінгі орындарға конкурс бойынша үміткерлер қабылданады. Конкурс кезінде қоғамдық-саяси белсенділігі және адамгершілік қасиеттері, әскери-кәсіптік бағытталуы мен жеке психологиялық қасиеттері, орта білімділік және дене (әскери-кәсіптік) даярлық дәрежесі ескеріледі.

105. Әскери-оқу орындарына түсу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының "Отан" "Даңқ", "Айбын", "Жауынгерлік ерлігі үшін" ордендері және медальдарымен марапатталғандар, сонымен қатар Қазақстан Республикасын қорғау кезінде және интернационалдық борышын өтеу кезінде жоғары адамгершілік қасиеттерін көрсеткен әскери қызметшілер;

2) 1 сынып немесе шебер дәрежесі бар әскери қызметшілер - аталған (туыс) мамандық бойынша мамандарды даярлайтын ӘОО-на түсу кезінде;

3) орта білім беретін мектепті ерекше үлгідегі аттестатпен, орта арнайы немесе кәсіптік-техникалық оқу орнын үздік бітіргендер елеулі құқыққа ие болады.

106. ӘОО-на оқуға қабылдау (қабылдамау) туралы қабылдау комиссиясының шешімі хаттамамен рәсімделеді (осы Ереженің N 9 қосымшасы). Әскери академия тыңдаушылары мен курсанттарды басқа мемлекеттердің ӘОО-ның тіркеу Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің бұйрығы бойынша, ал курсанттарды Қазақстан Республикасының ӘОО-на тіркеу тиісті әскери-оқу орындары бастықтарының бұйрықтарымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығы ӘОО-ның 1 курсына қабылданатын курсанттардың санын бекітілген штаттық санынан артық бірақ ұшқыштық мамандықтар бойынша жоғары әскери авиациялық оқу орны 15%-тен артық емес және басқа да әскери-оқу орындары үшін 10%-тен артық емес санын анықтайды.

Тыңдаушылар мен курсантарды тіркеу туралы бұйрықтардың үзінділерін әскери-оқу орнының бастығы қол қойылған күннен кейінгі 10 күн ішінде үміткерлерді оқуға ұсынған әскери бөлімдер мен облыстық (қалалық) әскери комиссариаттарға жібереді.

ӘОО-на тіркеу туралы бұйрықтардың үзінділері оқуға қабылданған әскери қызметшілерді әскери бөлімдер тізімімен шығарудың негізі болып табылады.

107. Кәсіптік іріктеуден өтпегендіктен ӘОО-на қабылданбаған үміткерлер: әскери қызметшілер - бұрынғы қызмет орнына, азамат жастар - тұрғылықты жері бойынша аудандық (қалалық) әскери комиссариаттарға қайтарылады. Жеке істері мен осы Ереженің 46 және 55 баптарында көрсетілген басқа да құжаттары, (оқуға қабылдамау себептері көрсетіліп), сонымен қатар ӘОО-на түсу нәтижелері туралы анықтамалар (осы Ереженің 9 қосымшасы) қол хат алу арқылы үміткерлердің қолдарына беріледі, бұл туралы тұрғылықты жерінің әскери комиссариаттарына және әскери бөлімдерге қабылдау комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейінгі 10 күннен кешіктірмей хабарланады.

ӘОО-на қабылданбаған және бұл уақытта әскери қызмет мерзімі аяқталған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер әскери бөлімдерге жіберілмейді де, запасқа шығарылады және әскери қызметке шақырылғанға дейін тұрғылықты жерлеріне жіберіледі. Бұл туралы өздері келген әскери бөлімдердің командирлеріне хабарланады.

ӘОО-на конкурстан өте алмаған үміткерлердің түсу емтихандарын тапсыру материалдары (жазбаша емтихандық жұмыстары және ауызша жауап парақтарын ) ӘОО 2 күн ішінде конкурстан өткен ӘОО-ның сұранысы бойынша жіберді, ал сұраныспен жіберілген құжаттардың сілтеме хатының көшірмесі ӘОО-нда бір жыл ішінде сақталады.

108. Қабылдау комиссияларының жұмысы аяқталғаннан кейін ӘОО-ның бастықтары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығына тыңдаушылар мен курсанттардың қабылданғандығы туралы есеп тапсырады.

109. ӘОО-ның алдын ала кәсіптік іріктеу комиссиялары мен қабылдау комиссияларын осы Ережеде қарастырылған құжаттардың бланктерімен қамтамасыз ету аталған комиссиялар құрылған сәйкес ӘОО-на жүктеледі.

110. Кәсіптік іріктеуден өту кезеңінде және ӘОО-на тыңдаушылар мен курсанттар ретінде тіркеуден кейін әскери қызметші - үміткерлерге ақша төлеу тәртібі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерін ақшалай үлеспен қамтамасыз ету туралы қолданылып жүрген жетекші құжаттармен анықталады.

111. ӘОО-на түсуші үміткерлері әскери тасымалдау құжаттарымен және азық-түлікпен қамтамасыз ету тәртібі Қазақстан Республикасы Қорғаныс

министрлігінде әскери тасымалдауды рәсімдеуге қатысты басшылық пен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін бейбітшілік уақытында азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі қолданылып жүрген Ережемен анықталады.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
Кадрлар және әскери білім
департаментінің бастығы
полковник

Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Министрінің 2000 жылғы N 37 бұйрығымен
енгізілген Ережелердің 25-бабына
N 1 қосымша

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және басқа да мемлекеттердің әскери оқу орындарына түсу үшін әскери қызметшілер мен азамат жастарға әскери-кәсіптік бағдар беруді жүргізу тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Әскери-кәсіптік бағыт берудің басты мақсаты офицер мамандығының мәнін, оның моральдық-әскери және іскерлік қасиеттерін ашу болып табылады. Әскери-кәсіптік бағыт беру әскери қызметшілер мен азамат жастардың офицер мамандығын дұрыс таңдауын қалыптастыруға, оларға нақты әскери мамандықты (жалпы әскер офицері, танкіші-офицер, ракеташы, зеңбірекші, ұшқыш, теңізші және т.б.) таңдауда көмек көрсетуге бағытталған.

2. Әскери-кәсіптік бағыт беруді әскери оқу орындарының, әскери бөлімдердің, әскери комиссариаттардың өкілдері, оқу орындарының әскери жетекшілері жүзеге асырады, сондай-ақ республиканың шығармашылық иелері келеді.

3. Әскери-кәсіптік бағыт берудің негізгі міндеттері мыналар:

1) офицерлер қызметінің қоғамдық мағынасы мен ерекшелігін ашу, осының негізінде өз өмірін Отанын қорғауға арнау тілегін қалыптастыру;

2) әскери оқу орындарына түсуге бел байлаған жастарға өзінің жеке қабілеттері мен әскери қызметтің ерекшеліктерін есепке ала отырып, әскери мамандықты таңдауына көмек беру;

3) ӘОО-на үміткерлердің моральдық және адамгершілік қасиеттеріне, психологиялық деректеріне, дене даярлығы мен жалпы білімдік дайындығына қойылатын талаптарға, оларды қалыптастыру әдістеріне түсінік беру.

4. Әскери-кәсіптік бағыт берудің бастапқы сатысы болып ӘОО-на түспей тұрып 2-3 жыл бұрын басталатын кәсіптік мәлімет беру болып табылады. Бұл сатыда:

1) жастардың әскери бөлімдер мен әскери оқу орындарының өкілдерімен, Ұлы Отан соғысы мен Қарулы Күштер ардагерлерімен кездесулері ұйымдастырылады;

2) өндіріс орындарында мекемелерде, ұйымдарда, оқу орындарында, әскери бөлімдер мен бөлімшелерде ӘОО-ры мен оларға қабылдау шарттары туралы ақпараттармен арнайы стендтер жасалады;

3) офицер мамандығы, ӘОО-на дайындалу мен түсу тәртібі туралы жеке сұхбаттар жүргізіледі.

5. Кәсіптік мәлімет берудің негізі әскери-патриоттық тақырыптарға кітап оқу, тақырыптық жиналыстар, ақпараттар, дәріс беру, сұхбаттасу, баяндама жасау, әскери бөлімдерге бару және басқа жұмыстар арқылы жүзеге асырылатын әскери патриоттық тәрбие беру болып табылады.

6. Жастардың офицер мамандықтары туралы дұрыс түсініктері мен офицер ретіндегі әскери қызметке қызығушылығын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізу олардың ата-аналарымен және жақындарымен тығыз байланыста жүзеге асырылуы керек.

7. Жастарға әскери-кәсіптік бағыт берудің келесі сатысы әскери-кәсіптік кеңес беру болып табылады, оның барысында жігіттердің қызығушылығын, қабілеттерін есепке ала отырып әрі қарайғы жолын таңдауға тікелей көмек көрсетіледі. Әскери-кәсіптік кеңес беру процессінде жігіттердің әскери-кәсіптік бағыт алу дәрежесін көтеру олардың ыңғайларын, қабылеттерін терең зерттеп білу, олардың қандай да бір ӘОО-на түсушілерге қойылатын талаптарға сәйкес келу дәрежелерін анықтау қоғамдық-саяси және моральдық қасиеттерін қалыптастыру, психологиялық көрсеткіштерін есепке ала отырып денсаулығын нығайту дене және жалпы білімдік дайындығын көтеру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

8. Алғашқы кезеңде әскери-кәсіптік кеңес беруді жігіттің дербес қасиеттерінің, оның қабілеттері мен ӘОО-нда оқуға моральды-психологиялық дайындық дәрежесінің алғашқы бағасын беретін ӘОО-ның басшысы жүргізеді.

Әскери-кәсіптік бағыт беруге ӘОО-ның өкілдері, әскери комиссариаттардың қызметшілері, сонымен қатар Ұлы Отан соғысы мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагерлері қатысады.

9. ӘОО-на түсуге мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді дайындау ӘОО-ры өкілдерінің қатысуымен әскери бөлімдерде жүргізіледі.

10. Әскери-кәсіптік бағыт беру аяқталғаннан кейін ӘОО-на түсу үшін құжаттарды дайындау барысында берілетін мінездемелерде көрсетілетін ұсыныстар беріледі.

11. Әскери-кәсіптік бағыт беру жұмыстарына жалпы басшылық ету Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің

бастығына және Ұйымдастыру-жұмылдыру департаментінің бастығына ж ү к т е л е д і .

12. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаменті офицерлік кәсіптер мен мамандықтар бойынша анықтамаларды, ӘОО-ның өмірі мен қызметін бейнелейтін кітаптарды, альбомдар мен проспектілерді дайындайды және шығарады, оларды әскери бөлімдер мен әскери комиссариаттарға жеткізеді, ӘОО-ры қол астындағылардың әскери-кәсіптік бағыт беру бойынша жұмыстарына бақылау жасауды жүргізеді, әскери қызметшілер мен азамат жастарға кәсіптік білім беру және әскери-кәсіптік кеңес беру жұмыстарын жоспарлайды және оларды халықтық, кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарымен тығыз байланыста ұйымдастырады , оқу орындарының әскери бастықтарын әскери-кәсіптік бағыт беру жұмыстарына дайындайды және оларға әдістемелік басшылық жасауды ж ү р г і з е д і .

ӘОО-ның бастықтары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің басшылық етуімен әскери қызметшілер мен азамат жастарға әскери-кәсіптік бағыт беру бойынша іс-шаралардың жоспарларын дайындайды, ӘОО курсанттарының өмірі мен тұрмысы, оның түлектері қызметінің ерекшелігі жайлы көрнекі насихат құралдарын, тарихи анықтамаларды, альбомдар мен буклеттерді шығарып, оларды әскери бөлімдер мен әскери комиссариаттарға таратады, ӘОО-ры өкілдерінің теледидар, радио бойынша, жергілікті баспасөз бетінде сөйлеуін ұйымдастырады және әскери-патриоттық мектептер (үйірмелер) жұмыстарын насихаттайды, тақырыптық кештер, дәрістер, ӘОО туралы кинофильмдер көрсетеді, ашық есік күндерін өткізеді, әскери бөлімдер мен әскери комиссариаттарға өздерінің өкілдерін жібереді, ӘОО-ның тұрақты және ауыспалы құрамының әскери қызметшілермен, азаматтық жастармен әскери тәжірибеден өту өндірістік тәжірибе, мейрамдар мен кезекті демалыстарды өткізу кезеңдерінде кездесулер мен сұхбаттар өткізуге дайындығын ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

Құрамалардың, әскери бөлімдердің командирлері мен тәрбиелік құрылым ұйымдарының өкілдері ӘОО-на үміткерлерді іріктеу нұсқаулықтары мен жоспарларын алғаннан кейін мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді офицерлік мамандықтарға бағыттау бойынша іс-шараларды жүзеге асырады, насихат жұмыстарын жүргізу мен көрнекі насихат құралдарын жасау тәртібі туралы нұсқау береді, ӘОО-ның топтары бойынша әскери-кәсіптік кеңес беруді жүргізуге жауапты офицерлерді тағайындайды, жүйелі түрде әскери-кәсіптік кеңес беру жұмыстарының нәтижелері туралы қол астындағы командирлерді тыңдап отырады, ӘОО-мен тығыз байланысты сақтайды, үміткерлердің таңдаған

офицерлік мамандығын игеруге қажетті жеке қасиеттерін рәсімдеу жұмыстарын ұйымдастырады.

Әскери комиссарлар азамат жастарды ӘОО-на іріктеу жұмыстарын ұйымдастырады, офицерлік құрамға қойылатын талаптармен таныстырады, әскери бастықтарға әскери-кәсіптік бағыт беру жұмыстарына, оқу орындарын офицерлік мамандықтарға қатысты стендтермен безендіруде көмек көрсетеді, оларды курсанттар қабылдауды жүргізіп жатқан ӘОО-ның тізімімен және ол ӘОО-на қабылдау шарттарымен қамтамасыз етеді, тізімге алу кезінде жігіттермен олардың жоспарлары туралы сұхбаттасу жүргізеді.

Әскери комиссариаттарда әлеуметтанушы-мамандарды, психологтарды, дәрігерлерді, оқу орындарының әскери бастықтарын және әскери бөлімдер мен ӘОО-ның өкілдерін қатыстыру арқылы әскери-кәсіптік кеңес беру пункттерін ұйымдастырады, онда жастарға әскери мамандықтары мен ӘОО-н таңдауда көмек көрсетіледі.

13. Әскери-кәсіптік бағыт беру бойынша барлық жұмыстар жоспарлық және белгілі бір мақсатқа бағытталған сипатта және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаменті, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің қолбасшылары, тәрбиелік құрылымдары мен кадрлық ұйымдары тарапынан ұдайы бақылауда болуы керек.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығы

полковник

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің 2000 жылғы N 37 бұйрығымен енгізілген Ережелердің 25-бабына N 2 қосымша

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және басқа мемлекеттердің әскери оқу орындарына үміткерлерді кәсіптік іріктеу тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ**

1. ӘОО-на үміткерлерді кәсіптік іріктеу әрбір үміткердің тұлғасын төмендегі бөлімдер бойынша жан-жақты бағалау арқылы ӘОО-н сапалы жасақтау мақсатында жүзеге асырылады:

1) моральдық қасиеттері мен қоғамдық белсенділігі;

2) әскери-кәсіптік бағыт алуы және дербес психологиялық қасиеттері;

3) денсаулық жағдайы (Үміткерлерді медициналық куәландыру Қарулы

Күштеріндегі медициналық куәландыру туралы ережеге (ҚР Қ Министрінің 1995 жылғы N 61 бұйрығы) сәйкес жүргізіледі);

4) дене даярлығы (Үміткерлердің дене даярлығы Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің 1998 жылғы N 215 бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізіледі);

5) жалпы білімдік (әскери-кәсіптік) дайындығы.

**Үміткерлердің моральдық қасиеттері мен қоғамдық белсенділігін анықтау**

2. Үміткерлердің моральдық қасиеттері мен қоғамдық белсенділігін анықтау кезінде:

1) Президенттің және Үкіметтің саясатын, отанын қорғау жөніндегі конституциялық міндеттерін түсіну;

2) кезек келген тапсырмаларды орындауға, патриотизмі мен интернационализмін көрсетуге дайындығы;

3) жоғары қырағылықтың қажеттілігін, жауапкершілік идеология мен моральдың сыйыспайтындығын түсінуі;

4) борыш сезімін көрсетуі, қағидашылдығы, атқарушылығы, еңбексүйгіштігі мен адалдығы;

5) ұжымның қоғамдық өміріне белсене араласуы;

6) қызметтік (еңбектік) әрекетінде, оқуда және алғашқы әскери дайындықта қол жеткізген нәтижелері есепке алынады.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен азамат жастардың, бұдан басқа, офицер болғысы келетін тілегі мен оған лайық жеке қасиеттерінің болуы да есепке алынады.

3. Үміткерлердің қоғамдық-саяси белсенділігі мен моральды қасиеттерінің дәрежесін анализдеу мен бағалау: әскери қызметшілердің - әскери бөлімдер мен бөлімшелердің, тәрбиелік құрылымдардың командирлері мен офицерлері (бұдан басқа, мерзімді қызметтегі қызметшілердің - бөлімшелердің жеке құрамы жиналысының ортақ пікірін есепке ала отырып); азамат жастардың - әскери бастықтардың қатысуымен оқу орындары шеберлерімен, бригадирлерімен және әкімшілігімен жүргізіледі. Қоғамдық белсенділгі мен моральдық қасиеттерін бағалауда ӘОО-ның өкілдері, ал азаматтық жастардың - әскери комиссариаттардың өкілдері қатысады.

ӘОО-нда үміткерлердің қоғамдық-саяси белсенділігі мен моральды қасиеттерін бағалау қабылдау комиссияларына жүктеледі.

Бұл қасиеттер төмендегідей бағаланады:

1) "Өте жақсы" деп сипатталады, егер үміткердің жоғары моральдық қасиеттері болса, қоғамдық ұйымдардың жұмысына белсене араласса. Жұмыста жоғары көрсеткіштерге қол жеткізсе, жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық

дайындықта және оқуда жақсы бағалары, жоғары тәртіптілігі болса;

2) "Жақсы" деп сипатталады, егер үміткер өзін тек қанағаттанарлық жағынан сипаттаса, бірақ жеткілікті дәрежеде ұжымның қоғамдық өмірінде өзін көрсете алмаса, жұмыста жоғары көрсеткіштерге қол жеткізсе, жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық дайындықта және оқуда жақсы бағалары, жоғары тәртіптілігі болса;

3) "Қанағаттанарлық" деп сипатталады, егер үміткер өзін тек қанағаттанарлық жағынан сипаттаса, бірақ жеткілікті дәрежеде ұжымның қоғамдық өмірінде өзін көрсете алмаса, жұмыста, жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық дайындықта жақсы көрсеткіштерге қол жеткізсе, оқуда және тәртіпте қанағаттанарлық бағалары болса.

**Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен азамат жастар қатарынан шыққан үміткерлердің әскери-кәсіптік бағдары мен жеке психологиялық қасиеттерін бағалау**

4. Әскери-кәсіптік бағытталуы мен дербес психологиялық қасиеттерді бағалау үміткерлердің ӘОО-нда табысты оқуы, таңдап алған әскери мамандығын игеру үшін және алған білімдерін әскери-кәсіптік қызметінде пайдалы қолдануы үшін қажетті нақты қасиеттері мен жеке қасиеттерін тауып көрсету мақсатында жүргізіледі.

5. Әскери-кәсіптік бағытталуы мен жеке психологиялық қасиеттерді зерттеп білуді әскери бөлімдерде, әскери комиссариаттарда және қабылдау комиссияларының жұмысы барысында кәсіптік психологиялық іріктеу мамандары жүргізеді. Бұл жағдайда үміткерлердің психологиялық тексерілуі нақты офицерлік мамандықтың талаптарын есепке ала отырып Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және Бас штабының департаменттері, бас басқармалары мен басқармалары, Қарулы Күштер түрлері әзірлейтін кәсіптік психологиялық іріктеуді жүргізу әдістемесімен анықталатын психодиагностикалық бланктер мен аппаратуралық тестердің көмегі арқылы жүргізіледі.

6. Психологиялық тексерудің нәтижелерін тек қабылдау комиссиясы хабарлайды. Психологиялық іріктеудің нәтижелері бойынша оқуға қабылданбаған үміткерлердің қолдарына берілетін немесе мекен-жайы бойынша әскери комиссариаттарға жіберілетін құжаттарында "Біліктілік емтиханын тапсыра алмады" деген оқуға қабылдамау себебі жазылады.

**Үміткерлердің жалпы білімдік (әскери-кәсіптік) дайындығын бағалау тәртібі**

7. Үміткерлердің жалпы білімдік (әскери-кәсіптік) дайындығын бағалау емтихандар өткізу жолымен жүзеге асырылады. Олардың басталуына дейін

үміткерлерге кеңестер беріледі, емтихандардың өткізілу тәртібі мен қойылатын талаптар түсіндіріледі.

**Үміткерлердің жалпы білімдік (әскери-кәсіптік) дайындығын емтихандар қабылдау жолымен бағалау тәртібі:**

8. Емтихандық топтар 25-30 адамнан құрылады. Емтихандар кестесі олардың басталатынынан 2-3 күн бұрын хабарланады, онда емтихан алушылардың фамилиялары көрсетілмейді. Емтихандардың алшақтығы, әдеттегідей, 3 күн болуға тиіс.

Емтихандық топқа әрбір емтиханға қатысты емтихандық ведомость (осы Нұсқаудың 1 қосымшасы) құрылады.

9. Үміткерлерден емтиханды емтихандық билеттер мен тапсырмалар бойынша пән емтихандық шағын комиссиялар қабылдайды.

Емтихандық билеттер мен тапсырмалар қабылдау комиссияларының жұмыс орындарына екі мөрленген конверттерде жіберіледі. Ішкі конверт қабылдау комиссиясының төрағасына арналады және оны тек өзі немесе оның орынбасары ашады.

Емтихандық билеттер мен тапсырмалар қатаң есептегі құжаттар ретінде мөрленген конверттерде және қабылдау комиссиясы төрағаларының (төраға орынбасарларының) сейфтерінде сақталады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы (төрағаның орынбасары) емтихан басталардан 20 минут бұрын пән емтихандық шағын комиссияның төрағаларына емтихан билеттері мен тапсырмаларын береді де топтардағы емтихан алушыларды тағайындайды.

10. Әрбір үміткерден ауызша емтихандарды екіден кем емес оқытушылар төмендегі тәртіпте қабылдайды: емтиханға келген үміткер емтихандық парақты ( осы Нұсқаулықтың 2 қосымшасы) тапсырады, емтихан билетін таңдайды, ауызша жауап парағын (осы Нұсқаулықтың 3 қосымшасы) алады да дайындыққа кіріседі. Жауап беруге дайындық кезіндегі барлық жазулар ауызша жауап парағына жазылады.

Сұрау емтихан тапсырушы жауап беру барысында алғашқы сұрақтарға жеткілікті дәрежеде дайындалмағанын көрсеткен жағдайда да емтихандық билеттің барлық сұрақтары бойынша жүргізіледі. Емтихан алушы қажет болған жағдайда билеттің сұрақтарынан басқа да анықтаушы сұрақтар қояды. Емтихан алушы жауап бойынша өзінің ескертулері мен қосымша сұрақтарын ауызша жауап парағына жазады. Жауап беруге дайындыққа, әдеттегідей, 1.5 сағаттан көп емес, ал сұрауға 15 минуттан көп емес уақыт бөлінуге тиіс.

11. Ауызша емтихан өтіп жатқан бөлмеде бір мезгілде 6 үміткерден көп емес, соның ішінде билеттері бойынша жауап беруші 2 үміткер және жауап беруге дайындалып отырған 4 үміткер болуға тиіс.

Емтихандар аталған топқа емтихан алушы болып тағайындалған пән емтихандық шағын комиссия мүшелерінен басқа тұлғалардың болуы тек қабылдау комиссиясы төрағасының рұқсатымен ғана мүмкін болады.

12. Түсу емтихандарының нәтижелері төмендегі бағалармен анықталады: 5 ( бес), 4 (төрт), 3 (үш), 2 (екі). Емтихандық баға (цифрмен және жақша ішінде жазумен) алдымен емтихандық ведомоске, кейін түсушінің емтихандық парағына қойылады. Ауызша емтихан бойынша әрбір бағаға екі емтихан алушы қол қояды.

13. Жазбаша емтихандар 2-6 бір бейінді топтардан құрылған ағымдарға ( аудиторияның сыйымдылығына байланысты) төмендегі тәртіп бойынша жүргізіледі: кестеде бекітілген уақытқа дейін үміткерлер аудиториядан орын алады, оларға емтихан өткізу тәртібі түсіндіріледі. Емтихан алушылар үміткерлердің емтихандық парақтарын жинап алады да, орнына бет парақтар ( осы Нұсқаулықтың 4 қосымшасы) мен арасындағы парақтарды (осы Нұсқаулықтың 5 қосымшасы) таратады. Әрбір емтихан тапсырушы бет парақты толтырады.

Барлық жазба жұмысы, оның ішінде жұмыстың таза нұсқасы да арасындағы парақтарда орындалады (жұмыстың орындаушысын анықтауға болатын таңбалар салуға немесе қол қоюға рұқсат етілмейді).

Шығарма жазуға сынып тақтасында барлық тақырыптарды жазып болған сәттен бастап үзіліссіз 4 астрономиялық сағат, диктант жазуға 1 астрономиялық сағат беріледі.

Диктант жазу кезінде емтихан алушы мәтінді дауыстап толық оқып шығады да, кейін сөйлемдеп оқиды және жазылғанды курсанттардың өзі тексеруі үшін қайталап оқиды. Диктантты курсанттардың өз бетінше тексеруі үшін қосымша уақыт берілмейді.

Жұмысты орындап болғаннан кейін немесе жазбаша емтиханға берілген уақыт аяқталғаннан кейін бет парақтар мен арасындағы парақтар емтихан қабылдаушыға тапсырылады. Емтихан алушы алдымен бет парақтардағы деректерді салыстырып тексеріп, емтихан парақтарын қайтарады.

Емтихан аяқталған кезде барлық жазба жұмыстары шифрлану үшін жауапты хатшыға беріледі. Бет парақтағы және әрбір арасындағы парақты цифрлы немесе басқа шартты шифр түріндегі девизді қабылдау комиссиясының төрағасы ( төрағаның орынбасары, жауапты хатшысы) қояды.

Шифрланған бет парақтар жауапты хатшының сейфінде сақталады, ал арасындағы парақтар жұмыстарды тексеру үшін пән емтихандық шағын комиссияның төрағасына қайтарылады.

14. Жазба жұмыстарын тексеру осы мақсатқа арнайы бөлінген қызметтік бөлмеде жүргізіледі. Емтиханға қатысы жоқ тұлғалар емтихандық жұмыстарды

тексеруге жіберілмейді. Арасындағы қағаздардан қойылған қолдар немесе жұмысқа қатысы жоқ басқа жазулар табылған жағдайда жазба жұмысын екі емтихан қабылдаушы тексереді.

Жазба жұмысы бойынша баға арасындағы таза парақтың бірінші бетіне қойылады да емтихан қабылдаушының (емтихан алушылардың) қолымен расталады, бір мезгілде баға үміткердің девизін (шифрын) енгізу арқылы емтихандық ведомоске қойылады.

Тексеру аяқталғаннан кейін жазба жұмыстары мен емтихандық ведомостер шифрды алу және бағаларды үміткерлердің парақтарына қою үшін жауапты хатшыға беріледі.

15. Пән емтихандық шағын комиссияның төрағасы 5 (бес) және 2 (екі) бағалары қойылған барлық жұмыстардың және таңдап алған жазба жұмыстарының 5%-інің дұрыс бағалауын тексереді де, қойылған бағаларды өз қолымен бекітеді.

16. Емтихандарды тапсыру нәтижелері бойынша қойылған бағаларды жөндеу тек қабылдау комиссиясы төрағасының рұқсатымен болуы мүмкін және комиссия мәжілісінің хаттамасымен рәсімделеді.

17. Үміткерлердің жазбаша емтихандық жұмыстар және ауызша жауап парақтары емтихан аяқталғаннан кейін ӘОО-нда оқу кезеңінде үміткердің жеке ( оқу) ісінде сақталады.

18. Емтихандарда (кәсіптік немесе кәсіптік емес ) қанағаттанарлықсыз баға алған немесе бір емтиханға кестемен белгіленген уақытта себепсіз келмеген үміткерлер келесі емтихандарға жіберілмейді.

Денсаулығына байланысты немесе құжаттармен расталған басқа себептермен емтихан тапсыра алмайтыны туралы үміткер міндетті түрде емтихан басталғанға дейін комиссияға хабарлауға тиіс.

19. Қойылған емтихандық бағаға қатысты үміткерлердің шағымдарын қарау тәртібін қабылдау комиссиясы анықтайды. Шағым ауызша емтихан тапсырған күні немесе жазбаша емтиханның бағасы хабарланған күні берілуге тиіс. Шағымды қарауда емтиханды қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

**Үміткерлердің жалпы білімдік (әскери-кәсіптік) даярлығын кешендік тест өткізу жолымен бағалау тәртібі**

20. Тәртіп ережелерімен талапкерлер емтихан үстінде танысулар керек.

Тест кезінде талапкерге:

1) орнын ауыстырып-отыруға;

2) кезекшінің командасыз емтихандық материалды ашуға;

3) басқа талапкерлермен емтихандық материалды ауыстыруға;

4) калькуляторды, анықтама әдебиетін және с.с пайдалануға;

5) сөйлесуге, басқа талапкерлерден көшіруге, көшіріп алған парақты

қолдануға және т.б.;

6) тестінің бірінші және соңғы сағатында аудиториядан шығуға (тек тестінің екінші сағаты кезінде ғана аудитория бойынша кезекшінің рұқсатымен шығуға болады, әрі қарай коридор бойынша кезекші талапкерді дәретханаға дейін және кері қарай шығарып салады) тиым салынады.

21. Талапкерлер аудиторияға алдын ала дайындалған және оларға таратылған рұқсат қағаздар бойынша кіреді.

22. Емтиханның материалдары салынған пакет аудиторияда Білім және ғылым министрлігі Мемлекеттік білім стандарттары және тест ұлттық орталығының (әрі қарай МБС ж ТҰО) өкілінен қабылданады, ондағы МБСжТҰО-ның мөрі, пакеттің бүтіндігі тексеріледі, одан соң талапкерлердің біреуі пакетті ашуға шақырылады.

23. Жауап парақтары таратылады және оны толтыру бойынша түсініктемелер беріледі.

24. Талапкерлер жауап парақтарын толтырған соң жауап парақтарының көшірмесі және сұрақ-кітапшалары таратылады, мұндайда қасында отырған талапкерлерге әртүрлі варианттар берілу керек.

Арнайы жолға талапкердің қолы қойылып, емтихан өткізілген күн, аудиторияның нөмірі жазылады.

25. Ұйымдастыру бөлімі аяқталған соң емтихан уақытының таза есебі басталады. Емтиханның таза уақыты - 3 сағат (180 минут). Емтиханның басталуы мен аяқталуын кезекші тақтаға жазады және талапкерлерге хабарлайды. Барлық сұрақтар мен түсіндірулер тоқтатылады. Кезекші аудиториядағы тәртіпті қатаң қадағалайды. Талапкер ережелерді бұзған жағдайда емтихан алушы оны орнынан ауыстыруға немесе аудиториядан шығарып жібере алады, ол туралы тиісті акт жасалады.

26. Емтихан басталғаннан 20-30 минуттан кейін МБСжТҰО өкіліне қатысушылардың саны туралы мәліметтер және акт бойынша артық емтихандық материалдар беріледі.

27. Аудиторияға МБСжТҰО өкілінен, қабылдау комиссиясының төрағасы мен оның орынбасарларынан, жауапты хатшы мен кәсіби іріктеу тобының бастығынан басқаларға кіруге тиым салынады.

28. Емтиханның аяқталуына 30 және 10 минут қалғанда кезекші уақыттың таяп қалғандығы туралы хабарлайды.

29. Емтиханды белгіленген уақыттан ерте аяқтаған талапкерлер аудитория бойынша кезекшіге емтихандық құжаттарды тапсырады және кезекшінің қадағалауымен бөлмеден шығады. Емтихан уақыты аяқталған кезде аудитория бойынша кезекші сынақтың аяқталғандығы туралы хабарлап, емтихандық құжаттарды (жауаптар парағы мен сұрақтар-кітабын) қабылдайды және

аудиториялық тізімде материалдарды қабылдағандығы туралы белгі қояды.

30. Кестеде белгіленген уақытта тестіге себепсіз келмеген үміткерлер одан кейінгі сынақтарға жіберілмейді.

Денсаулық жағдайы бойынша немесе құжаттармен расталған басқа да себептермен емтихан тапсыра алмайтындығы туралы тест басталмай тұрып үміткер комиссияға хабарлауы тиіс.

31. Алған баллдары бойынша талапкерлердің шағымдарын қарау тәртібін қабылдау комиссиясы анықтайды. Шағым тест өткізілген күні немесе тестінің нәтижелері хабарланған күні берілуі тиіс.

32. Үміткерді оқу орнына қабылдаудың мақсатқа сәйкестігі туралы қабылдау комиссиясымен шығарылатын жалпы қорытынды кәсіби іріктеудің барлық көрсеткіштеріне кешенді қарау негізінде жасалады. Мұндайда бірдей дәрежеде моральдық қасиеттері мен қоғамдық белсенділігі, денсаулық жағдайы, психологиялық деректерін ескерумен әскери-кәсіптік бағдары, дене дайындығы мен жалпы білімдік (әскери-кәсіптік) даярлығы есепке алынады.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс Министрлігінің
Кадрлар және әскери білім
Департаментінің бастығы

полковник

Қазақстан Республикасы Қорғаныс
министрінің 2000 жылғы N 37
бұйрығымен енгізілген Ережелер
Нұсқаулығының 9 бабына

N 1 нысан

Қабылдау комиссиясы

_______________________________________________

(комиссия құрылатын мекеменің атауы)

"_____"________________________ 20 ____ ж.

N _______ емтихандық ведомость

________________________ бойынша емтихан

(пәннің атауы)

Емтихан қабылдаушылар: 1. ________________________________________

2. ________________________________________

-----------------------------------------------------------------

N ! Үміткердің !Кәсіптік іріктеу !Бағасы !Емтихан қабылдаушының
!әскери атағы, ! парақшасының ! ! қолы
! аты-жөні, ! нөмірі ! !

! әкесінің аты !                              !          !

-----------------------------------------------------------------

-----------------------------------------------------------------

Барлығы:   5 (бес) ______________

4 (төрт) _______________

3 (үш) _______________

2 (екі) ______________

Пән шағын комиссиясының төрағасы

______________________________   ______________________________

(әскери атағы)   (аты-жөні)

Комиссия мүшелері

______________________________   ______________________________

(әскери атағы)   (аты-жөні)

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2000 жылғы N 37 бұйрығымен енгізілген Ережелер Нұсқаулығының 11 бабына

N 2 нысан

Қабылдау комиссиясы емтихан парақшасы

_______________________________________________________________

(комиссия құрылатын мекеменің атауы)

Факультет _________________________________________________________

Мамандық _________________________________________________________

Емтихан парақшасы _________________________________________________

Тегі _______________________________________________________________

Есімі ____________________ Әкесінің аты ______________________________

Берілу мерзімі "____"________________ 20 ____ ж.

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы ____________________

(қолы)

Әскери-оқу орнының елтаңбалы мөрімен басылған фотосурет

___________________________________________

(оқуға түсушінің қолы)

Түсу емтихандарында алынған бағалар

| N | Пәннің атауы (емтихан түрі) | Емтихан мерзімі | Бағасы | Емтихан қабылдаушының аты-жөні | Емтихан қабылдаушының қолы (анықтап жазылсын) |
|---|---|---|---|---|---|
| | Толтыру үлгісі | | | | |
| 1 | Орыс тілі мен әдебиет | 14 шілде | 4 (төрт) | | |
| 2 | Математика (ауызша) | 17 шілде | 5 (бес) | | |
| 3 | Физика (ауызша) | 21 шілде | 3 (үш) | | |
| | Барлығы | | | | |

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы ___________________________
(қолы)

Қазақстан Республикасы Қорғаныс
министрінің 2000 жылғы N 37
бұйрығымен енгізілген Ережелер
Нұсқаулығының 11 бабына

N 3 нысан

Қабылдау комиссиясы
______________________________________________________________
(комиссия құрылатын мекеменің атауы)

Ауызша жауап беру парағы

______________________________________________________ бойынша емтиханда
(пәннің атауы)

Үміткердің аты-жөні, әкесінің аты (әскери атағы) ____________________
Факультет __________________________ Топ нөмірі ______________________
Емтихандық билеттің нөмірі ____________________________________________
Емтихан мерзімі _____________________________________________________
Жауаптың басталу уақыты _______________________________________________
Жауаптың аяқталу уақыты _______________________________________________

Жауап конспектісі

Қосымша сұрақтар

1. ________________________________________________________________
